

## Әдістемелік кеңес отырысы Хаттама №1

Уақыты: 05.09.2024 жыл

Тақырыбы: «Педагогикалық қызмет барысында тәрбиеленушілерге жүйелі білім беру»

Жүргізілу түрі: Дөңгелек үстел

Әдістемелік кеңес төрайымы: Г.Абишева

Хатшы: А.Жанелова

Қатысқаны: 13

Қатыспағаны: 0

### Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау, педагогтардың құжаттарды талапқа сай толтырулары: - перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг; портфолио жинақтау; - вариативтік компонент бағдарламаларын дайындау, бекіту. Әдіскер- Г.Абишева
2. Әдістемелік жұмыс жоспарын талқылап, бекіту
3. Өзара сабаққа қатынасу, тәжірибе алмасу – педагогтың кәсіби өсуінің бірі. Әдіскер
4. Кіші топ балаларының бейімделуі. Психолог–М.Карасаева
5. Ағымдағы мәселелер.

**Тыңдалды:** Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау педагогтардың құжаттарды талапқа сай толтырулары:

- перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг;
- әр педагог портфолио жинақтау;
- вариативтік компонент бағдарламаларын дайындау, бекіттіру.

Сөйледі: әдіскер. Г.Абишева

Биылғы оқу жылында тәрбиешілердің құжаттарында өзгешеліктер бар. Мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың мазмұнын іске асыру Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2024-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы мен Стандартта айқындалған міндеттерді орындауды талап етеді. сәйкес:

- балалардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сай білім, білік, дағдыларды қалыптастыруға;
- баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін заттық-кеңістік дамытушы ортаны құруға;
- балалардың дене, зияткерлік, коммуникативтік, адамгершілік, эстетикалық дамуына бағытталған, білім беру салаларын кіріктіруге;
- әртүрлі жас топтарында бағдарлама материалының мазмұнын игеруде балалардың дамуына мониторингті ұйымдастыруға;
- мектепке дейінгі ұйыммен отбасының бірлескен ынтымақтастығын қамтамасыз етуге

бағытталған.

Үлгілік бағдарламаның мазмұнын іске асыру балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп оларды жан-жақты дамытуға бағытталған «Физикалық дағды», «Коммуникатив дағды», «Танымдық зияткерлік дағды», «Шығармашылық дағды», «Әлеуметтік эмоционалдық дағды» білім беру дағдыларын кіріктіру арқылы қамтамасыз етіледі.

2024-2025 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулық хат негізінде балабақшаға жылдағыдай арналып, бекітілді. Балалардың жас ерекшеліктерін, бөбекжайдың тақырыптық бағытын ескере отырып, шығармашылық құзыреттілік танытуға бағытталған. Педагог-мамандар перспективалық жоспарды құрып, жас тобының ерекшелігін ескеріп, жасады.

2024-2025 оқу жылында мектепке дейінгі ұйым түрлі кезеңдерде де баланың даму динамикасын анықтауға, педагогтың болашаққа алдағы амалдарын белгілеуге, баланың жеке дамуы үшін қажетті жұмыстар жүргізуге мүмкіндіктер беретін бірыңғай мониторинг енгізілгенін білесіздер. Жылда толтырып жүрміз.

Портфолио-педагогке тәжірибелік іс-әрекет нәтижелерін көрсетуге, өзінің кәсіби құзырлығын бағалауға және өз жұмысына салыстырмалы талдау жасауға мүмкіндік береді. Сол арқылы, келешекте жасалынатын жұмыстарыңызды жоспарлап алуға мүмкіндік береді. Категорияға санаттарыңызды көтеретіндеріңіз әдістемелік құрал, жетістіктеріңізді дайындай беріңіздер. Енді «Ұстаз» платформасы арқылы документтер жинақтап салатын боламыз. Ортаңғы топтан бастап вариативтік компонент жүргізіледі. Ол жөнінде жақсы білесіздер.

Біздің балабақшамызда: «Ұлттық құндылық-тәрбие бастауы» ересек топ;

«Жол тәртібін білейік!» ересек топ;

Ортаңғы топта : «Ойыншықтар әлеміне саяхат»

«Жас аналар», «Кеменгер әкелер», «Әжелер мектебі» жоспары дайындалған. Мектептер өз жұмысын әрі қарай жандандыру қажет.

#### Шешім етеді:

1. Перспективалық жоспар, циклограммалар 2024-2025 оқу жылындағы әдістемелік нұсқаулық хат талаптарына сай толтырылсын.
2. Шығармашылық жоба, мектептер жұмыстары жүйеленсін.
3. Өзара ұйымдастырылған оқу қызметтеріне қатысу бақылауға алынсын.

4. Ағымдағы мәселелер:

Қыркүйек, қазан айларында өткізілетін жұмыстар дайындалып, уақытылы өткізілсін.

Кеңес төрайымы:  Г. Абишева

Хатшы:  А. Жанелова

## Әдістемелік кеңес отырысы Хаттама №2

07.11.2024жыл

Қатысқаны: 13

Қатыспағаны: -

**Тақырыбы:** «Жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді оқыту мен тәрбиелеу процесінде тиімді қолдану арқылы нәтижеге жету жолдары»

**Жүргізілу түрі:** конференция

**Әдістемелік кеңес төрайымы:** Г. Абишева

**Хатшы:** А. Жанелова

**Күн тәртібінде:**

1. №1 Әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. Топтардың тәрбиешілер жұмыс бағдарламаларының (вариатив) сараптама нәтижелері. «Жыл тәрбиешісі» байқауы
3. Дамыту орталықтарын ұйымдастыру арқылы тәрбиеленушілерді дамыту.
4. Мектепке дейінгі ұйым балаларды экологиялық тәрбие беруде дамытушылық жұмыстарын жетілдіру.
5. Ағымдағы мәселелер әдіскер-

**Тыңдалды:** №1 Әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.

**Сөйледі:** Әдіскер: Абишева Г: мемлекеттік стандарт талаптарына сай топтарда бекітілген кестеге сәйкес ұйымдастырылған іс әрекеттері күнде жүргізілуде. Әдістемелік нұсқаулық хат негізінде тәрбиешілер мен педагог мамандардың перспективалық жоспарлары бекітіліп, педагогтармен жұмыстар жүргізілуде.

«Ана тілім-ардақтым!», «Қарттарым-асыл қазынам!», «Ұстаздарға мың алғыс» челлендж, «Күзгі бақ» ойын сауық, «Қазақстан-туған елім, ұлы өлкем!» ертеңгіліктері өткізілді. «Өте жоғары» деңгейде өткізілді. Ата-аналар риза болып, ризашылықтарын білдіріп жатты.

**Шешім:** Өткен әдістемелік кеңес отырысының шешімі «қанағаттанаралық» деп танылсын.

2. **Тыңдалды:** Ортаңғы және ересек топ тәрбиешілерімен жұмыс бағдарламаларының вариатив компонент нәтижелері.

**Сөйледі:** Тәрбиешілер

Турегалиева Л

Серікбаева А

Жанелова А

Сағындықова А

Тынымжан М

Шығармашылық жобалар арқылы ата-аналармен, балалармен жоспар бойынша жұмыстар жүргізілген. Әлі де болса толықтыруды қажет етеді. Барлық педагогтар шығармашылық жоба жазып, өздерінің кәсіби біліктіліктерін көтеріп, отыру қажет-деді.

**Шешім:** Вариативтік компонент жұмысы жандандырылсын.

**Тыңдалды:** Дамыту орталықтарын ұйымдастыру арқылы тәрбиеленушілерді дамыту

**Сөйледі:** тәрбиеші Серікбаева А: Мектепке дейінгі кезеңде баланың зияткерлік, тұлғалық, эмоциялық дамуы жүзеге асады. Балаға өзін толық жетілдіруге және өзінің белсенділігін көрсетуге, балалармен дамытушы ортаны ұйымдастыру арқылы тәрбиелеу жұмысының дамытушы әсерін арттыруға және педагогикалық үдерісті жетілдіруге мүмкіндік береді.

Ерте жастағы балаларды дамытуда пәндік-дамытушы орта маңызды фактор болып табылады. Бала толыққанды дамуы үшін балалар әлемді жарқын, қанық әсермен қабылдайтындай жағдай жасау қажет. Кіші топ жасындағы балалар тобында пәндік-дамытушы ортаны құру баланың толыққанды дамуы үшін, жетекші іс-әрекет түрлерін танымдық және нәтижелі іс-әрекет, заттық және сюжетті-бейнелі ойындарды іске асыру үшін қажетті жағдай болып табылады. Кіші топ балаларының режимдік процестер мен ұйымдастырылған іс-әрекеттерінен бос уақыттарының барлығы дербес іс-әрекетпен толықтырылуы қажет. Бұл кезеңдерде дербес іс-әрекет әртүрлі болуы мүмкін. Олар: сюжетті-рөлдік, дидактикалық, құрылыс ойындары, кимылдар, бақылаулар, кітаптармен суреттер қарау, танымдық әрекеттер, ересектердің тапсырмаларын орындау. Мақсатқа бағытталып ұйымдастырылған пәндік-дамытушы орта баланың үйлесімді дамуы мен тәрбиеленуінде маңызы зор-деді.

**Сөйлегендер:**

Әдіскер Абишева Г: Дамытушы орта дайындауда ата-аналармен қандай жұмыстар жүргізіп отырсыз?

Тәрбиеші Жанелова А: Ата-аналар жиналысында дамытушы ортаның балалардың дамуына пайдасы туралы айтып, тренинг өткіздім. Осыдан кейін ата-аналардың қызығушылығы оянып, өздері түрлі қалдық материалдардан дидактикалық материалдарды жасап келе бастады. Қазір орталықтарымызды толықтырып жатырмыз.

- Тобыңызда қандай дамытушы орта дайындалған?

-«Сюжетті-рольді ойын», шығармашылық бұрышы, табиғат бұрышы, «Қуыршақ театры» бұрышы, дидактикалық ойындар бұрышы бар.

**Шешім:** барлық топтар дамытушы ортаны толықтырсын.

4. **Тыңдалды:** Мектеп жасына дейінгі балаларды экологиялық тәрбие беруде дамытушылық жұмыстарын жетілдіру.

**Сөйледі:** тәрбиеші Жанелова А:

Балаларға экологиялық тәрбие берудің ерекшеліктеріне тоқталды. Табиғат әлемі таңғажайып және керемет. Әрине барлығы бұл сұлулықты, аспан, су, жапырақ түстерінің алуандығын көре білмейді. Табиғат сонымен бірге балаға күнделікті әсер етеді. Бірақ балалар көп нәрсені байқай бермейді, үстірт қабылдайды.

Табиғат сұлулығы рухани қайырымдылыққа тәрбиелеуде үлкен рөл атқарады. Балалар үшін табиғат-бұл әр түрлі табиғи құбылыстарды танудың және сөздік қорын байыту көзі. Бұл-балалардың сөйлеу және ойлау қабілетінің дамуына ең қолайлы және пайдалы фактор. Табиғат баланың тұлғалық қалыптасуына зор ықпал етеді. Баланың қандай болып өсуі бізге, ересектерге байланысты. Балабақша балаларының экологиялық тәрбиесі алуан түрлі ықпал ету құралдарының көмегі арқылы іске асырылады: саяхат; мұражайларға бару; мақсаттық серуен; бейнефильмдер; табиғат туралы көркем әдебиеттер; суреттерді, фотосуреттерді, иллюстрацияларды тамашалау; музыка тыңдау; дидактикалық ойындар, мақал-мәтелдер -деді.

**Шешім:** Тәрбиеленушілерге экологиялық тәрбие беру жұмыстары әлде де ұйымдастырылсын.

5. **Тыңдалды:** Ағымдағы мәселелер.

**Сөйледі:** Ересек топ тәрбиешісі Серікбаева А, Ортаңғы топ тәрбиешісі Тынымжан М алда жасалатын жұмыстарға тоқталып өтті. Желтоқсан айында болатын ертеңгілік:

«Тәуелсіз елім-Қазақстан!» Тынымжан М; «Тәуелсіздік-тұғырым!» Серікбаева А.

Тәрбиелік іс-шаралар жоспар бойынша өткізілсін. Сонымен бірге, жаңа жыл мерекесінің сценариін музыка жетекшісімен бірлесіп құрып, балаларды дайындап, мерекелік көңіл-күй сыйлап, жақсы дайындықпен өткізілсін. топтарға тарқатып берсін.

«Жаңа жыл-жаңа жыр» ересек топта

«Жақында Жаңа жыл!», «Аяз Ата, бізбенен» кіші топта, «Қош келдің, Жаңа жыл!» ойын-сауық ортаңғы топта. Ата-аналармен кезекті уақытымен ата-аналар жиналысын өткізіп, хаттамалары уақытылы толтырылсын.

Әдістемелік кеңес төрайымы:  
Хатшы

*Абишева Г*  
*Жанелова А*

Әдістемелік кеңес отырысы  
Хаттама №3

**Күні:** 10 қаңтар 2025 жыл

**Қатысқаны:**

Қатыспағаны:-

**Тақырыбы:** «Көптілділік саясаты-оқыту процесінде»

**Жүргізілу түрі:** Презентация

**Әдістемелік кеңес төрайымы:** Абишева Г

**Хатшы:** Жанелова А

**Күнтәртібінде:**

1. № 2 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. Ересек, ортаңғы, кіші топтарда вариативтік компонент, мониторинг нәтижесі
3. Педагог қызметкерлерді аттестаттауға дайындау жұмысының деңгейі. әдіскер
4. Қаңтар, ақпан айларында барлық педагогтар ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттерін өткізу. «Ұстаз» платформасына материалдарын жүктеу.
5. Ағымдағы мәселелер.

1. **Тыңдалды:** №2 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.

**Сөйледі:** инновациялық тәсілдерді дұрыс қолдана білу туралы кеңестер уақытылы беріліп, тәрбиешілер ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде, мерекелік шараларда жана технология элементтерін тиімді қолданып жүр. Педагогтар әлі де толықтырып, жандандыру қажет. Бұл топтағы тәрбиеленушілердің тапсырманы толық, анық меңгеруіне көмектеседі-деді. Әр топ өздерінің жас ерекшеліктеріне сай жоспарланған перспективалық жоспар бойынша жақсы игерген. Оны мониторинг нәтижесінен де байқауға болады.

**Шешім:** Өткен әдістемелік кеңес отырысының шешімі «қанағаттанаралық» деп танылсын.

2. **Тыңдалды:** «Ұлттық-құндылық тәрбие бастауы», «Жол тәртібін білейік» ересек топтарда; «Ойыншықтар әлеміне саяхат» ортаңғы топта вариативті компонент және мониторинг нәтижесі.

**Сөйледі:** тәрбиеші Турегалиева Л «Ұлттық құндылық-тәрбие бастауы» тақырыбында күннің екінші жартысында ересек топта вариативтік компонент өткізіледі.

**Мақсатым:** Балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау; балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау, қазақтың ою-өрнектерінің түрлерін үйрету; ою-өрнектермен қазақтың ұлттық киімдерін атау; Ою-өрнек элементтерін салдыру, оюды атау, суретін салу, бояу, ұлттық ойындар ойнатылады.

Тәрбиеші Серікбаева А: «Жол тәртібін білейік» тақырыбында ересек топта күннің екінші жартысында өткіземін.

**Мақсатым:** жолда жүру ережесімен, көшеде жүру тәртібімен баланы таныстыруды ұйымдастырылған іс-әрекетте, ойын-сауықтарда балаларға жол ережелерімен таныстырып, үйретіп, жолда абай болуды мақсат етіп алдым. Ойындар, кеңестер беріліп отырады.

Тәрбиешілер Жанелова А. Сағындықова А. Тынымжан М «Ойыншықтар әлеміне саяхат» тақырыбында ортаңғы топта вариативтік бөлімді жоспарладық.

**Мақсатымыз:** Коммуникативтік, танымдық, ойындық және басқа да белсенділікті ынталандыру; Театрлық іс-әрекетті ертегілерде пайдалана отырып, ойын дамыту. Балаларды ойын нақты жәнетапқыр сөйлеуге, ақылды, салмақты ой айтуға баулу; Ойын арқылы тілін жетілдіріп, жұмыстанып жатырмыз. Ата-аналармен тығыз қарым-қатынаста жұмыс жасап келеміз.-деді

Арнайы жабдықталған ұлттық бұрышта балалар ертегі кейіпкерлерімен танысып, рөлдерге бөліп ойнайды. Қазақ халқының ертеден келе жатқан бұйымдарымен танысып, қолдарымен ұстап көреді. Мақал-мәтел, жаңылтпаштарды еркін айта алады. Мұнда балалар ұлттық салт-дәстүрімізбен танысып, әдеби мұраларымызды жаттап өседі. Тәрбиеленушілердің бойында отансүйгіш қасиетін қалыптастыру, өз жерін, елін сүйуге, қорғауға үйрету жұмыстары жан-жақты қаралған.

3. **Тыңдалды:** Педагог қызметкерлерді аттестаттауға дайындау жұмысының деңгейі

**Сөйледі:** Әдіскер Абишева Г

2024-2025 оқу жылында аттестаттауға өтініш берген педагогтар өздерінің жоспары бойынша мерекелік шаралары мен бес ұйымдастырылған ашық іс-әрекеттерін уақытылы өткізіп, бақылау парағын толтыртырылады. Аудандық және облыстық қашықтықтан өткен республикалық сайыстарға қатысады. Жетістіктері, байқаулардан алған марапаттары және әдістемелік құралдарын дайындап, шығару қажет. Педагогтардан сауалнамалар алынып, аттестаттау ережесімен таныстырылды. «Ұстаз» платформасы туралы мәліметті міне слайд арқылы таныстырып отырмын. Барлығымыз мұқият қарайық. Түсінбеген сұрақтарыңыз болса, сұрап, бәріміз бірге талқылап, пікірлесіп отырайық. Тест тапсырып, өздеріңіз өтініш берген санатқа қарай, материалдар даярлайсыздар. Мен өзім жинақтап, «Ұстаз платформасына» саламын.

**Шешім:** аттестатталушы педагогтардың құжаттарын жинақтап, сараптау комиссиясына ұсынуға дайындау.

4. Қаңтар, ақпан айларында өткізілетін ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер:

1.27.01.2025 ж психолог Карасаева М. Тақырыбы: «Қызықты ойындар әлемі» ойын-сабақ  
**Мақсаты:** Қызықты ойындарды пайдалана отырып, балалардың ойынға деген қызығушылығын арттыру, ой-өрісін кеңейту, эмоциялық сезімдерін дамыту.

2.28.01 тәрбиеші Турегалиева Л ересек топ Тақырыбы: «Үй жануарлары» кіріктірілген  
**Мақсаты:** Балалардың үй жануарлары туралы түсініктерін кеңейту. Олардың пайдасын айту, жұмбақтар шешу, тақпақтар айтқызып сұрақ-жауап арқылы балалардың тілін, ойлау қабілеттерін дамыту.

3.28.01 тәрбиеші Серікбаева А ересек топ Тақырыбы: «Сандар әлемі»  
**Мақсаты:** Балалардың сандар жайлы түсініктерін тереңдете түсу, тура-кері санауға ынталандыру

4.29.01 тәрбиеші Сағындықова А ортаңғы топ Тақырыбы: «Сыйқырлы геометриялық пішіндер».  
**Мақсаты:** Геометриялық пішіндермен таныстыру. Геометриялық пішіндер, айналадағы заттардың көлемін, пішінін ойын арқылы меңгерту, логикалық ойындар ойнату.

5.29.01 тәрбиеші Жанелова А ортаңғы топ Тақырыбы: «Ою-өрнек сәніміз»  
**Мақсаты:** Қазақтың ұлттық бұйымдарымен ондағы әдемі ою-өрнектермен таныстыру. Балалардың байқағыштық қабілеттерін, сөздік қорларын, тіл байлықтарын байыту және шығармашылық бағытта дамыту.

6.30.01 тәрбиеші Калиева М кіші топ Тақырыбы: «Ойыншықтар әлемі»  
**Мақсаты:** Балалардың ойыншықтар туралы түсінігін қалыптастыру. Ойыншықтарды танып-білу, олардың ерекшеліктерін анықтау, ойындар арқылы өзара қарым-қатынас жасауға дағдыландыру

7.30.01 тәрбиеші Нұртаза Л кіші топ Тақырыбы: «»  
**Мақсаты:** Балаларды ойыншықтардың түрімен, қасиетімен, түсімен оның көлемін, пішіндерімен таныстыру. Ойындар арқылы достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.

8.30.01 музыка жетекшісі Жубашева Э ересек топ Тақырыбы: «Кіп-кішкентай торғай» әні  
**Мақсаты:** Балаларды орман шуымен таныстыру. Құстардың дыбысын тыңдату арқылы орман шуының ерекшеліктерімен таныстыру. Торғай құсына тоқталып, таныстырып өту.

05.02 Логопед Кенесбаева А тілге жаттығулардан шебер класс

Қаңтар айында жоспар бойынша ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер өткізілсін.

### 5. Ағымдағы мәселелер.

**Сөйледі:** Әдіскер Абишева Г: алда жасалатын жұмыстарға тоқталып өтті. Қаңтар, ақпан айларында ата-аналарға қыс мезгіліне байланысты берілетін кеңестер ата-аналар бұрышына уақытылы ілініп, мәліметтер берілуін және қаңтар, ақпан айында жоспарланған ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің, іс-шараларының уақытылы өтілуін, оған барлық педагог-тәрбиешілер қатысып, өзара ұйымдастырылған іс-әрекетіне қатысу парағын толтырып отыру қажеттігін айтты. Балабақша мен мектеп сабақтастығы, ересек топ балаларының аудандық кітапханасына саяхатқа баруы, оны дұрыс ұйымдастыру туралы айтып, әрбір өткізген шараларының есебін, суретімен уақытылы тапсырып отырулары айтылды.

Кенес төрайымы: *Абишева Г* Абишева Г

Кенес хатшысы: *Жанелова А* Жанелова А

**Әдістемелік кеңес отырысы**  
**Хаттама №4**

**Күні:** 11 наурыз 2025 жыл

**Қатысқаны:** 12

**Қатыспағаны:** 0

**Тақырыбы:** «Құзыретті педагог-жана формация педагогы»

**Жүргізілу түрі:** пікірталас

**Әдістемелік кеңес төрайымы:** Абишева Г

**Хатшы:** Жанелова А

**Күн тәртібінде:**

1. №3 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. Жаңа формация педагогы-құзыреттілігі қалыптасқан тұлға
3. Тәрбиеленушілер жетістігі-ізденімпаз ұстаз еңбегінің нәтижесі
4. Педагогтер портфолиосын ресімдеу әдістемелік бірлестік жетекшісі
5. 8 наурыз, 22-наурыз мерекелерін өткізу
6. Ағымдағы мәселелер.

1. **Тыңдалды:** №3 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.

**Сөйледі:** Әдіскер Абишева Г мектепке дейінгі балаларды тәрбие мен оқытудың бағдарламасының және стандарт талаптарының орындалуы бойынша жұмыстар бақылауға алынып, балалардың сөздік қорын дамыту жұмыстары жүйелі жүргізіліп жатқаны анықталды. Вариативтік компонент бағдарламалары күннің екінші жартысында кестеге сай жүргізілуде.

Мамыр айында ересек топта балабақшамен қоштасу кешінде балалар дайындалуда, - деді.

**Шешім:** Өткен әдістемелік кеңес отырысының шешімі «жақсы» деп танылсын.

2. **Тыңдалды:** Жаңа формация педагогы-құзыреттілігі қалыптасқан тұлға

**Сөйледі:** Әдіскер Абишева Г: қазіргі кезде елімізде білім берудің жана жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне бағыт алудамыз. Білім беру жүйесінің мақсаты – бәсекеге қабілетті маман дайындау. Білім берудің мазмұны жаңарып, жанаша көзқарас, басқаша қарым—қатынас пайда болды.

Баланың жеке басын тәрбиелеуде, оның жан дүниесінің рухани баюына көңіл бөлінуде.

Жаңа формация педагогы – құзыреттілігі қалыптасқан тұлға. Жаңа формация педагогы деп кімді атаймыз?

1. Педагогүздіксізіденуші
2. Педагогдамушышығармашылтұлға
3. Педагогөзісініңшебері
4. Педагогәділ, еңбекқортәрбиеші
5. Маман-педагог

Бүгінгі таңда жаңа формация педагогіне қойылатын талап та жоғарылады. Педагогтың кәсіби құзіреттілігі оның білімінің жан-жақтылығы, ұстаздық шеберлігі, оқытудың жаңа әдістерін, инновациялық технологияны меңгеруімен өлшенеді, - деді.

**Шешім:** педагогтардың үздіксіз ізденіп, өздерін жан-жақты дамытуына әдістемелік көмек көрсетілсін.

**3.Тыңдалды:** Тәрбиеленушілер жетістігі-ізденімпаз ұстаз еңбегінің нәтижесі

**Сөйледі:** тәрбиеші Нұртаза Л: «Келер ұрпақтың алдында зор жауапкершілік аркалап келеміз» деген сөз педагогтарға үлкен тапсырыстарға артып отыр. Еліміздің болашағы көркейіп, өркениетті елдер қатарына қосылуы, бүгінгі ұрпақ бейнесімен көрінеді. Сонымен бірге, ұстаз шәкірттерін де үнемі сайыстар мен байқауларға қатыстырып, жүлделі орындар алуға ұмтылу қажет. Бұл жағдайда ата-аналармен жұмысты, байланысты нығайту қажет. Бүгінгі таңда педагогтер көп, өкінішке орай ұстаз аз. Нәтижелі еңбегімен тәрбиешілер қатарын толықтырып, балабақшамызда жетістіктерге жетіп жүрген әдіскер, тәрбиешілер бары қуантады. Ұстазға тек жалықпай, ізденісін тоқтатпай ұстаздықтың ұлы жолында абыройға кенеліп, тәрбиеленушілер тәрбиелей беруге тілек білдіреміз, - деді

**Шешім:** тәрбиешілердің түрлі сайыс, байқауларға қатысуын бақылау.

**4.Тыңдалды:** Педагогтер портфолиосын «Ұстаз» платформасын ресімдеу

**Сөйледі:** Әдіскер: Абишева Г: Портфолио – педагогтардың кәсіби деңгейін көрсетуші материалдарды тіркеп жинақтау және өзінің кәсіптік қызметінің міндетін шешу қабілеті болып табылады. Педагогтар енді документтерді «Ұстаз» платформасына жинақтайтынын жақсы білесіздер. Өздеріңіздің және тәрбиеленушілердің жетістіктері басылымға жіберілген мақалалар, ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттің 5 бақылау парағы толтырылады.

Білім жетілдіру сертификаты, 8 папкі бар, соған жүктеледі. 1-і салынбаса немесе болмаса санаттарда өзгешеліктер болып, келесі санат беріледі. Орындалған жобалар, конкурстарға қатысу, педагогикалық жүргізілген зерттеулер, тренингтер өткізу т.б. Барлық педагогтарға былтырдан бері айтылып жүр. Ұстаз платформасына барлық педагогтар материалдарын жинақтап, салып болды. Енді тек биыл өтетін педагогтар педагог-сарапшыға тест тапсырып келген музыка жетекшісі Э. Жубашева Ұстаз платформасын толықтырады. Өтініш беруге дейін толық салып болады. Кәзіргі таңда педагог-сарапшы тәрбиеші М. Калиева педагог-зерттеушіге тестке барады. Әдістемелік құралдарды шығартып, жинақтай беру керек.

**Шешім:** Педагогтардың портфолиларын толықтырылып, педагогикалық кеңеске дайындалсын.

1 наурыз, 8 наурыз, 22-наурыз мерекелерін өткізу.

«Ізгіліктің бірізі-алғыс» челлендж кіші топ Нұртаза Л

«Мың алғыс айтамыз, бәріне!» Челлендж ересек топ Турегалиева Л

«Алғысым шексіз! Ойын сауық» ортаңғы топ Сағындықова А өз мәнінде өткізілді.

8 наурыз: «Асыл әже, ақылды немере!» танымдық іс-әрекет ересек топта

«Мерекеңмен, Анашым!» ертеңгілік ортаңғы топта Жанелова А

«Анамның еңбегі елге үлгі» шебер класс кіші топта Калиева М өткізді. Өткізідген іс-шаралар

«Өте жақсы» деп бағаланды.

22 наурыз кіші топта «Наурыз, той думан» мерекесі Калиева М;

Ортаңғы топта «Наурыз жылдың басы!» Жанелова А. Сағындықова А. Тынымжан М

Ересек топта «Наурыз-жыл басы!» Серікбаева А. Турегалиева Л өткізеді. Мерекелік іс-шаралар сценарийін музыка жетекшісі Э. Жубашевамен бірлесіп дайындап, өткізілгеннен кейін суреттерімен бірге тапсырасыздар.

## 5.Тыңдалды: Ағымдағы мәселелер

Сөйледі: әдіскер Абишева Г : Алдағы жасалатын жұмыстарға тоқталып өтті.Наурыз мерекесіне байланысты құттықтаулар ата-аналар бұрышына уақытылы ілініп,мәліметтер берілуін,барлық пелагогтар қатысып,безендіруге ат салысып отыру қажеттігі айтылды. Ұжымда ұлттық мерекемізұлыстың ұлы күніне ұлттық киімімізді киіп жүру тапсырылды.Әрбір өткізілген іс-шараларды басылым беттеріне,инстапарақшаларына,балабакша сайтына жариялап отыру қажет-деді.

Кенес төрайымы: *Абишева Г* Абишева Г

Хатшы : *Жанелова А* Жанелова А

**Әдістемелік кеңес отырысы  
Хаттама №5**

**Күні:** 29 мамыр 2025жыл

**Қатысқаны:** 8

**Қатыспағаны:** 1

**Тақырыбы:** «Жылдық оқыту мен» тәрбиелеу»

**Жүргізілу түрі:** пікірталас

**Әдістемелік кеңес төрайымы:** Г. Абишева

**Хатшы:** А. Жанелова

**Күн тәртібінде:**

1. №4 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы. Әдіскер-
2. Жылдық оқу жоспары міндеттерінің орындалуы туралы қорытынды талдау әдіскер-
3. Келесі оқу жылындағы мақсат-міндеттер әдіскер:
4. Тыңдалды. №4 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.

**Сөйледі:** Әдіскер Абишева Г.: Педагогтар портфолио жасаған жұмыстары туралы, педагогикалық кеңесте қорғап шықты. Кейбір тәрбиешілерге талдау олықтырулар қажеттілігі айтылды. Педагогтерге ізденіп, әр түрлі сайыс, байқауларға қатысу туралы түсіндірілді.

**Шешім:** Өткен әдістемелік кеңес отырысының шешімі «қанағаттанарлық»-деп танылсын.

2. **Тыңдалды:** Жылдық оқу жоспары міндеттерінің орындалуы туралы қорытындылау.

**Сөйледі:** Әдіскер: Жас жеткіншектерді тәрбиелеу жұмысының негізі әуелі отбасында қаланып, содан кейін балабақшада жалғасатыны белгілі. Бүгінгі жас ұрпақ болашағының іргетасының берік болуы үшін, балабақшада берілетін білім мен тәрбиені дұрыс қалыптастыру өз қолымызда екені белгілі. Сапалы білім беру жүйесінің ең алғашқы сатысы-мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу болса, баланың алғашқы құрылымы отбасы болып саналады. Отбасы тәрбиесінің басты ерекшелігі балаға байланысты ең ерекше эмоционалық қатынасты қалыптастырады, өзіне деген сенімділігін арттырады. Ата-ананың көрсеткен үлгісі, жеке тұлғалық дамуы отбасы тәрбиесінің нәтижесіне әсер етеді, баланы жан-жақты дамыту жүйесінде балабақшамен отбасының өзара байланысын анықтайды. Бөбекжайда қазіргі таңда 75 бала тәрбиеленіп, білім алуда. Тәрбиеленушілерге тәлім-тәрбие беру жолында арнаулы және жоғары білімді педагогтар жұмыс істейді 3 топ мемлекеттік тілде жұмыс істейді. Әрбір топтағы тәрбие, білім беру өнегелі әдептерге үйретудегі жаңа технология әдіс-тәсілдерімен ойын түрлері арқылы жүргізілген тәрбие жұмыстары өз нәтижесін беруде. Бөбекжай оқу-тәрбие жұмыстарының жоспарын жасап, бекітіп, сол бойынша біршама жұмыстар атқаруда. Бес білім беру дағдысымен жұмыс жасау елеулі нәтижелер беруде. Бөбекжайда оқу-тәрбие жұмысын жақсартуда педагогикалық кеңестер, тәрбиешілерге және жас мамандарға арналған кеңестер жүргізілді. Циклограммаларда дәйек сөздер апта сайын, өнегелі-15 минут, Біртұтас тәрбие камтылу қажеттігі күн сайын назарда ұсталып, кеңестер беріліп отырады. Тәрбиешілер өздерінің теориялық білімдерін жыл бойы балалардың жан-жақты дамуына мақсатты түрде бағыттап, түрлі әдіс-тәсілдерін қолдана білді. 2024-2025 оқу жылында жылдық оқу жоспарына сай жұмыстар жүргізілді-деді.

**Шешім:** Жылдық оқу жоспарының орындалуы «қанағаттанарлық»-деп танылсын.

### 3. Тындалды: Келесі оқу жылындағы мақсат-міндеттер

**Сөйледі:** Әдіскер: 2024-2025 оқу жылында педагогтардың өзіндік білім жетілдіру жұмыстарын жандандыру арқылы тәрбиеленушілерге заман талабына сай біліммен тәрбие беру, өзіндік білім жетілдіре отырып, оқыту мен тәрбиелеудің әдістерін жетілдіру мақсатында жалпы педагогикалық және психологиялық білімді оқып-үйрену, жаңаша білім мазмұнына сай құжаттарды толық толтыру қажеттігін айтты. Оқу жылында санаулы педагогтар әртүрлі байқауларға белсене қатысып, өздерін жан-жақты дамытып отырды. Қалған педагогтар да келесі оқу жылында қалмай, өз-өздеріңізді дамытып, байқауларға қатысып отырыңыздар. Өздеріңіздің жетістіктеріңізді және тәрбиеленушілер жетістігін «Ұстаз» платформасына салып, санатқа өтуге де дайындық бастай беріңіздер. Портфолиоларыңызды толықтырып отырыңыздар.

Кеңес төрайымы:  Абишева Г

Кеңес хатшысы:  Жанелова А